

"Жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіру (оның ішінде қалпына келтіру) шығындарының құнын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 4-1/379 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 5 маусымда № 11278 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 25 мамырдағы № 181 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.05.2020 № 181 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған "Жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіру (оның ішінде қалпына келтіру) шығындарының құнын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өндіре және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он құн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-қықықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
_____ Е. Досаев
2015 жылғы 6 мамырда

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 28 сәуірдегі
№ 4-1/379 бұйрығымен
бекітілген

"Жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіру (оның ішінде қалпына келтіру) шығындарының құнын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 26.12.2018 № 535 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіру (оның ішінде қалпына келтіру) шығындарының құнын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі – 3 (үш) жұмыс күні.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – субсидияның аударылғаны туралы хабарлама не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша көрсетілетін қызметті ұсынудан уәжді бас тарту.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық.

Порталға көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызмет берушінің уәкілетті адамы электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦК) қол қойған электрондық құжат нысанында субсидия тағайындау/тағайындау шешім бар хабарлама жіберіледі.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы порталға өткен жылдың күзінде және (немесе) ағымдағы жылдың көктемінде өндірілген жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызуға субсидияларды алу үшін тиісті жылдың 15 маусымына дейінгі мерзімде осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦК-сымен куәландырылған, электрондық құжат нысанында өтінім береді.

Көрсетілетін қызметті алушы порталға жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көпжылдық көшеттерінің екінші вегетациясын – аласа бойлы телітушілердің көшеттерімен және кніп-баум көшеттерімен отырғызылғандар үшін, екінші-үшінші вегетациясын – жартылай аласа бойлы телітушілердің көшеттерімен отырғызылғандар үшін, екінші-үшінші-төртінші вегетациясын – биік бойлы телітушілердің көшеттерімен отырғызылғандар үшін, екіншіден бастап жетінші вегетацияны қоса алғанда – алманың "Апорт" сортын өсіруге (күтіп-баптауға) субсидияларды алу үшін тиісті жылдың 1 қыркүйегіне дейінгі мерзімде көрсетілетін қызметті берушіге осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет

стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен қуәландырылған электрондық құжат нысанында өтінім береді.

Өтінімнің қабылданғанын көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұранымның қабылданғаны туралы мәртебенің көрінуі растайды.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Зан) 19-1-бабының 2-тармағында көзделген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

3-тaraу. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда почтамен, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы не жұмыс күндері көрсетіletіn қызметті берушінің кеңесі арқылы қолма-қол беріледі.

Мыналардың:

1) жеке тұлғаның шағымында оның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, почталық мекенжайы көрсетіледі;

2) заңды тұлғаның шағымында оның атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Арызға көрсетіletіn қызметті алушы қол қоюы тиіс.

Көрсетіletіn қызметті берушінің шағымды қабылдағанын шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсете отырып, оның тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) растайды.

Сондай-ақ, көрсетіletіn қызметті беруші жұмыскерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8-800-080-7777 телефондары арқылы алуға болады.

Көрсетіletіn қызметті алушыға шағымды қабылдаған адам оның шағымын қабылдағанын растау үшін талон береді, онда талонның нөмірі, күні, шағымды

қабылдаған адамның тегі, шағымға жауап алу мерзімі мен орны, шағымды қарау барысы туралы ақпаратты алуға болатын адамның байланыс деректері көрсетіледі.

Портал арқылы электрондық арыз жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға порталдағы "жеке кабинетінен" арыз туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті берушінің арызды өндөуі барысында (шағымның жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы уәжді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің кеңесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

4-тaraу. Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Тіршілік әрекетін шектейтін ағза функцияларының тұрақты бұзушылықтары бар көрсетілетін қызметті алушыларға, қажет болған жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарын қабылдауды Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы (1414, 8 800 080 7777) арқылы жүгіну жолымен көрсетілетін қызметті берушінің жұмысқері тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

1) Министрліктің www.moa.gov.kz интернет-ресурсындағы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінің "Мемлекеттік қызметтерді көрсету орындарының мекенжайлары" кіші бөлімінде;

2) порталда;

3) тиісті қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылған.

15. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы алу мүмкіндігі бар.

16. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ, Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8-800-080-7777 телефондары арқылы алу мүмкіндігі бар.

"Жеміс-жидек дақылдарының
және жүзімнің көлжелдік
көшеттерін отырғызу және өсіру
(оның ішінде қалпына келтіру)
шығындарының құнын
субсидиялау" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына
1-қосымша
Нысан

**Алдыңғы жылдың күздінде және (немесе) ағымдағы жылдың көктемінде
өндірілген жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көлжелдік
көшеттерін отырғызуға арналған субсидияларды алуға өтінім**

Кімге: _____

(облыстың, респубикалық және облыстық маңызы бар қаланың,
ауданының жергілікті атқарушы органдының толық атауы)

Кімнен: _____

(занды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса),
тегі)

Маған 20 ____ жылдың күздінде және (немесе) 20 ____ жылдың көктемінде
өндірілген

жеміс-жидек дақылдарының/жүзімнің (қажеттісінің астын сызу керек)
көлжелдік

екпелерін _____ гектар алаңға отырғызуға _____

теңге мөлшерінде субсидия төлеуді сұраймын. (сомасы сандармен және
жазбаша)

№	Деректер көзі	Қажетті мәліметтер	Деректер
1	2	3	4
		бизнес-сәйкестендіру нөмірі	

		тіркеу нөмірі
1.	Заңды тұлға үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтама	тіркелген күні атауы орналасқан жері мемлекеттік тіркелген күні кім берді
2.	Жеке тұлға үшін – жеке басын куәландағыратын құжат	жеке басын куәландағыратын құжаттың нөмірі кім берді берілген күні жеке сәйкестендіру нөмірі бизнес-сәйкестендіру нөмірі тіркеу нөмірі тіркелген күні атауы орналасқан жері мемлекеттік тіркелген күні кім берді
3.	Ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін – мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтама*	субсидия тиесілі ауыл шаруашылығы кооперативі мүшесінің атауы субсидия тиесілі ауыл шаруашылығы кооперативі мүшесінің жеке сәйкестендіру нөмірі /бизнес-сәйкестендіру нөмірі актінің нөмірі кадастрық нөмірі барлық алаң, гектар оның ішінде егістік нысаналы мақсаты сәйкестендіру құжатының нөмірі мен берілген күні, кім берді жер участкесі иесінің немесе жерді пайдалануышының атауы жеке сәйкестендіру нөмірі /бизнес-сәйкестендіру нөмірі
4.	Жер участкесіне сәйкестендіру және (немесе) құқық белгілейтін құжат	

		бенефициар коды	
5.	Ағымдағы шоттың бар екендігі туралы екінші деңгейдегі банктің не Ұлттық почта операторының анықтамасы	банктің немесе почта операторының деректемелері: банктің немесе почта операторының атауы:	
		бизнес-сәйкестендіру коды	
		жеке сәйкестендіру коды	
		бизнес-сәйкестендіру нөмірі	
		бенефициар коды	
6.	Бақтарды және (немесе) жидектіктерді және (немесе) жүзімді отырғызу үшін берілген жұмыс жобасы	нөмірі күні	
		нөмірі	
		берілген күні	
		кім әзірледі	
		әзірлеуші орналасқан жердің мекенжайы	
		әзірлеушінің жеке сәйкестендіру коды	
		өлшем бірлігі	
		саны (көлемі)	
		қосылған күн салығымен бағасы (тенге)	
		барлық откізу құны	
7.	Жұмыс жобасын әзірлеуге жұмсалған шығындарды растайтын (өтінім берген сэтте) бастапқы есеп және төлем құжаттары (шот-фактуралар, кіріс және шығыс кассалық ордерлері және (немесе) төлем тапсырмалары)	шот-фактура нөмірі берілген күні отырғызу материалын сатушының атауы	
		отырғызу материалын сатушы орналасқан жердің мекенжайы	
		отырғызу материалын сатушының жеке сәйкестендіру коды	
		тауарлық-көліктік жүк құжаттың нөмірі	
		дақыл, сорты	
		өлшем бірлігі	
		саны (көлемі)	
		қосылған күн салығымен бағасы (тенге)	
		барлық откізу құны	
8.	Отырғызу материалдарын сатып алуға жұмсалған шығындарды растайтын (өтінім берген сэтте) бастапқы есеп және төлем құжаттары (шот-фактуралар, кіріс-шығыс кассалық ордерлері және (немесе) төлем тапсырмалары)	шот-фактура нөмірі берілген күні отырғызу материалын сатушының атауы	
		отырғызу материалын сатушы орналасқан жердің мекенжайы	
		отырғызу материалын сатушының жеке сәйкестендіру коды	
		тауарлық-көліктік жүк құжаттың нөмірі	
		дақыл, сорты	
		өлшем бірлігі	
		саны (көлемі)	
		қосылған күн салығымен бағасы (тенге)	
		барлық откізу құны	
		шот-фактура нөмірі	

		берілген күні
		тіреуіш бағаналар сатушының атауы
		тіреуіш бағаналар сатушы орналасқан жердің мекенжайы
9.	Тіреуіш бағаналарды сатып алуға және орнатуға жұмсалған шығындарды растайтын (өтінім берген сэтте) бастапқы есеп және төлем құжаттары (шот-фактуралар, кіріс-шығыс кассалық ордерлері және (немесе) төлем тапсырмалары) (тіреуіш бағаналарды сатып алу қажет болған жағдайда көрсетіледі)	тіреуіш бағаналар сатушының жеке сәйкестендіру коды
		тауарлық-көліктік жүк құжаттың номірі
		тіреуіш бағаналар атауы
		өлшем бірлігі
		саны (көлемі)
		қосылған құн салығымен бағасы (тенге)
		барлық өткізу құны
10	Тамшылатып суару жүйесінің құрылышына жұмсалған шығындарды растайтын (өтінім берген сэтте) бастапқы есеп және төлем құжаттары (шот-фактуралар, кіріс-шығыс кассалық ордерлері және (немесе) төлем тапсырмалары) (тамшылатып суару жүйесін сатып алу қажет болған жағдайда көрсетіледі)	шот-фактура номірі
		берілген күні
		жабдық сатушының атауы
		жабдық сатушы орналасқан жердің мекенжайы
		жабдық сатушының жеке сәйкестендіру коды
		тауарлық-көліктік жүк құжаттың номірі
		жабдық атауы
		өлшем бірлігі
		саны (көлемі)
		қосылған құн салығымен бағасы (тенге)
		барлық өткізу құны
11	Жүргізілген технологиялық операцияларды растайтын құжаттар	номірі
		шарт жасалған күн
		жабдық, материал сатушының атауы
		жабдық, материал сатушы орналасқан жердің мекенжайы

		жабдық, материал сатушиның жеке сәйкестендіру коды	
12	Сатып алу-сату және (немесе) қаржылық лизинг шарттары	жабдықтың, материалдың атауы	
		өлшем бірлігі	
		саны (көлемі)	
		қосылған құн салығымен бағасы (тенге)	
		барлық өткізу бағасы	
		берілген күні	
		кім берді	
13	Жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көшеттерін өндіруші берген отырғызу материалына арналған сорттық қуәлік	куәліктің номірі	
		берілген күні	
		кім берді	

Ескертпелер:

* өтініш иесінен көрсетілген құжаттардың тұпнұсқаларын және көшірмелерін сұратып алуға жол берілмейді.

** жоғарыда көрсетілген кестенің 3-жолында көрсетілген мәліметтер субсидия тиесілі ауыл шаруашылығы кооперативінің әр мүшесіне толтырылады.

Тиесілі субсидиялар есептемесі

№	Ауыл шаруашылығы дақыларының атауы	Отырғызу алаңы, гектар	1 гектарға субсидия нормасы, тенге	Субсидиялар мөлшері, тенге (3-баған x 4-баған)
1	2	3	4	5
	Жиыны			

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын қупиядан тұратын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді және өзге ақпаратты жинауга, өндеуге, сақтауға, шығарып алуға және пайдалануға келісім беремін.

Өтініш беруші 20__ жылғы "__" ____ сағат 00:00-де қол қойып, жіберді:

Электронды цифрлы қолтаңбадан (бұдан әрі – ЭЦК) алынған деректер

ЭЦК қойылған күні мен уақыты

Өтінімнің қабылданғаны туралы хабарлама:

Облыс басқармасы 20__ жылғы "__" ____ сағат 00:00-де қабылдады:

ЭЦК-дан алынған деректер

ЭЦК қойылған күні мен уақыты

"Жеміс-жидек дақылдарының
және жүзімнің көпжылдық
көшеттерін отырғызу және өсіру
(оның ішінде қалпына келтіру)
шығындарының құнын
субсидиялау" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына
2-қосымша
Нысан

Жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көпжылдық көшеттерін өсіруге субсидиялар алуға арналған өтінім

Кімге: _____

(облыстың, республикалық және облыстық маңызы бар қаланың,
ауданының жергілікті атқарушы органдың толық атауы)

Кімнен: _____

(занды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса),
тегі,

Маған 20 ___ жылдың күздінде және (немесе) 20 ___ жылдың көктемінде _____

гектар алаңға отырғызылған "___" жылғы өсім жеміс-жидек дақылдарының/
жүзімнің

(қажеттісінің астын сызу керек) көпжылдық екпелеріне

тенге (сомасы сандармен және жазбаша)

мөлшерінде субсидия төлеуді сұраймын.

№	Деректер көзі	Қажетті мәліметтер	Деректер
1	2	3	4
		жеке сәйкестендіру коды	
		бенефициар коды	
		банктің немесе Ұлттық пошта операторының деректемелері: банктің немесе Ұлттық пошта операторының атауы :	
		бизнес-сәйкестендіру коды	
		корпоративтік шот	
1.	Ағымдағы шоттың бар екендігі туралы екінші деңгейдегі банктің не Ұлттық пошта операторының анықтамасы		

		бизнес-сәйкестендіру нөмірі
		бенефициар коды
		нөмірі
		толтырылған күні
		дақыл
		сорты
		егу схемасы
		алаңы
		дақыл
		сорты
		егу схемасы
		алаңы
		дақыл
		сорты
		егу схемасы
		алаңы
2.	Жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көпжылдық көшеттерін отырғызууды зерттеп-карау актісі	нөмірі
3.	Алдыңғы жылдары субсидияларды алғаны туралы күеландыратын құжаттар	берілген күні сомасы (тенге)
4.	Tіреуіш бағаналарды сатып алуға және орнатуға жұмсалған шығындарды растайтын (өтінім берген сэтте) бастапқы есеп және төлем құжаттары (шот-фактуралар, кіріс-шығыс кассалық ордерлері және (немесе) төлем тапсырмалары	шот-фактура нөмірі берілген күні тіреуіш бағаналар сатушының атауы тіреуіш бағаналар сатушы орналасқан жердің мекенжайы тіреуіш бағаналар сатушының жеке сәйкестендіру коды тауарлық-көліктік жүккүжаттың нөмірі тіреуіш бағаналардың атауы өлшем бірлігі саны (көлемі) қосылған құн салығымен бағасы (тенге) барлық өткізу құны
5.	Жүргізілген технологиялық операцияларды растайтын құжаттар	

	нөмірі
	жасасу күні
	жабдықтар, материал сатушының атавы
	жабдықтар, материал сатушы орналасқан жердің мекенжайы
	жабдықтар, материал сатушының жеке сәйкестендіру коды
	жабдықтардың, материалдың атавы
	өлшем бірлігі
	саны (көлемі)
	қосылған құн салығымен бағасы (тенге)
	барлық өткізу құны

Ескертпе: * өтініш несінен көрсетілген құжаттардың тұпнұсқаларын және көшірмелерін сұратып алуға жол берілмейді.

Тиесілі субсидиялар есептемесі

№	Ауыл шаруашылығы дақылының атавы	Өсіру аланы, гектар	1 гектарға субсидия нормасы, теңге	Субсидиялар мөлшері, теңге (3-баған x 4-баған)
1	2	3	4	5
	Жиыны			

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын қупиядан тұратын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді және өзге ақпаратты жинауға, өндөуге, сақтауға, шығарып алуға және пайдалануға келісім беремін.

Өтініш беруші 20__ жылғы "__" ____ сағат 00:00-де қол қойып, жіберді:

Электронды цифрлы қолтаңбадан (бұдан әрі – ЭЦҚ) алғынған деректер

ЭЦҚ қойылған күні мен уақыты

Өтінімнің қабылданғаны туралы хабарлама:

Облыс басқармасы 20__ жылғы "__" ____ сағат 00:00-де қабылдады:

ЭЦҚ-дан алғынған деректер

ЭЦҚ қойылған күні мен уақыты

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК